

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1888 және "Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қазандағы № 1131 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 қазандағы № 862 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 862 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.25 № 1358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2) «Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 57, 495-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражаты есебінен өтеу ережесінде: 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі шығыстарды (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын денсаулық сақтау ұйымдарына берілетін (бұдан әрі – лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдары) қаржылық лизинг шартымен медициналық техниканы сатып алуға арналған шығыстардан басқа) қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған денсаулық сақтау ұйымдарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметіне байланысты шығындардың барлық түрлері өтеледі.

Өтем клиникалық-шығынды топтар бойынша пилот шеңберінде жүзеге

асырылатын денсаулық сақтау ұйымдарын (бұдан әрі – КШТ бойынша пилоттық ұйымдар) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.»;

5 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзацтағы «бөлік.» деген сөз «бөлік;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«клиникалық-шығынды топтар (бұдан әрі – КШТ) – тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін, емдеуге арналған шығындар бойынша ұқсас аурулардың клиникалық біркелкі топтары;

КШТ бойынша шығынды сыйымдылығы коэффициенті – барлық топтар бойынша аурулардың бір тобы шығындарының орта шығындарға арақатынасы, оны денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.»;

16, 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Барлық жоспарланатын медициналық қызметтер бойынша шығын сыйымдылығының орташа коэффициенті және жоспарланатын емделген жағдайлардың шығын сыйымдылығының орташа коэффициенті денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады.

17. Бір емделіп шығу жағдайы үшін шығындарды өтеу бойынша қаржыландыру көлемі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша КШТ бойынша пилоттық ұйымдарды қоспағанда, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық көмек көрсетуіне шығыстарды төлеу жолымен осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес формула бойынша айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 20-2, 20-3-тармақтармен толықтырылсын:

«20-2. КШТ бойынша пилоттық ұйымдар үшін стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайының құны стационарлық көмек көрсету кезіндегі КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы құнының  $1/4$ -ін құрайды.

20-3. КШТ бойынша пилоттық ұйымдар үшін үйде стационарды алмастыратын көмек көрсету кезінде КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайының құны стационарлық көмек көрсету кезіндегі КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы құнының  $1/6$ -ін құрайды.»;

22 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Стационарлық медициналық көмек көрсететін лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдары үшін лизингтік төлемдердің шығыстарын өтеуге арналған қаржыландыру көлемі осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес формула бойынша айқындалады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдарының лизингтік

төлемдерін өтеуге қаражат жетіспеген жағдайда лизингтік төлемдер ақылы қызмет көрсетуден алынған қаражаттың есебінен өтеледі.»;  
мынадай мазмұндағы 23-тармақпен толықтырылсын:

«23. КШТ бойынша пилоттық ұйымдар үшін стационарлық көмек көрсету кезінде КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайының құны осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес формула бойынша айқындалады.»;  
көрсетілген Ережеге 5, 7 және 8-қосымшалар осы қаулыға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;  
осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес 9-қосымшамен толықтырылсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.25 № 1358 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасының 2011 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін бесінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші, он үшінші, он бесінші, он алтыншы, жиырма үшінші, жиырма бесінші абзацтарын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

3

қазандағы

№

1131

қаулысына

1-қосымша

Тегін

медициналық

көмектің

кепілдік

берілген

көлемін

көрсету

бойынша

медициналық

қызметтерді

сатып

алуды

ұйымдастыру

және

жүргізу

ережесіне

6-1-қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп тану туралы және оны қайтадан жүргізу туралы хаттама**

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(Орналасқан жері)

Мынадай құрамдағы комиссия:

(төрағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)

(тиісті себебін көрсету: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімінің болмауы, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілердің ешқайсысының медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушісіне қойылған талаптарға сәйкес келмеуі) байланысты ашық дауыс беру жолымен

мынадай ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1) 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бөлінген \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге сомасына (соманы санмен және жазбаша көрсету) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп танылсын және 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ мерзімге дейін ол қайта өткізілсін;

2) сатып алуды ұйымдастырушы \_\_\_\_\_ (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу өткізілген жоқ деп тану туралы және аптасына кемінде екі рет шығарылатын және астананың, республикалық маңызы бар қаланың, тиісті облыстың аумағына таралатын мерзімді баспа басылымында және

Әкімшінің \_\_\_\_\_

(Әкімшінің веб-сайтын көрсету)

интернет-ресурсында жариялау үшін оны қайта жүргізу туралы хабарландырудың мәтінін жолдасын.

Бұл шешім үшін дауыс берді:

И Ә - \_\_\_\_\_ дауыс;

ЖОҚ - \_\_\_\_\_ дауыс.

Комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшының Т.А.Ә., қолдары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 1 3 1 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемін

көрсету бойынша медициналық  
қызметтерді сатып алуды  
ұйымдастыру және жүргізу  
е р е ж е с і н е  
6-2-қосымша

**Тегін медициналық көмектің қалған кепілдік берілген көлемін  
орналастыру үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін  
көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу туралы  
хаттама**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
( О р н а л а с қ а н ж е р і )

Мынадай құрамдағы комиссия:

\_\_\_\_\_ (төрағаның, оның орынбасарының, комиссия мүшелерінің Т.А.Ә., лауазымы  
к ө р с е т і л е д і )

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген  
көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүргізу  
кезінде ТМККК-нің толық көлемде орналастырылмауына байланысты ашық  
дауыс беру жолымен мынадай ШЕШІМ ШЫҒАРАДЫ:

1) \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңге сомасындағы  
(соманы санмен және жазбаша көрсету)  
тегін медициналық көмектің қалған кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі бойынша медициналық қызметтерді сатып алу  
ж ү р г і з і л с і н ;

2) сатып алуды ұйымдастырушы \_\_\_\_\_  
(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)  
\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде тегін медициналық көмектің  
қалған кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алу  
өткізу туралы және аптасына кемінде екі рет шығарылатын және астананың,  
республикалық маңызы бар қаланың, тиісті облыстың аумағына таралатын  
кезеңдік баспа басылымында және Әкімшінің \_\_\_\_\_

-----  
(Әкімшінің веб-сайтын көрсету)  
интернет-ресурсында жариялау үшін оны қайтадан өткізу туралы

хабарландырудың мәтінін жолдасын.  
Бұл шешім үшін дауыс берді:  
И Ә - \_ \_ \_ \_ \_ дауыс;  
ЖОҚ - \_\_\_\_\_ дауыс.

Комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшының  
Т.А.Ә., қолдары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы  
№ 1 1 3 1 қ а у л ы с ы н а  
3-қосымша  
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у  
ұ й ы м д а р ы н ы ң ш ы ғ ы н д а р ы н  
б ю д ж е т қ а р а ж а т ы е с е б і н е н ө т е у  
е р е ж е с і н е  
5-қосымша

### **Стационарлық көмек көрсеткені үшін тарифті айқындау формуласы**

$$T_{ст} = НМШ + ҚМШ + ЛТ, \text{ мұнда}$$

$T_{ст}$  - стационарлық көмек тарифі;

НМШ - негізгі медициналық шығыстар, ол денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек ақысын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қосымша ақшалай төлемдерді; Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік аударымдарды, дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен шығыс материалдарын сатып алуды, пациенттер үшін тамақ өнімдерін сатып алуды қамтиды.

Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің жалақысы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына сәйкес айқындалады.

Қосымша ақшалай төлемдер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес азаматтық қызметшілердің жыл сайынғы еңбек демалысына лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеуді қамтиды.

Әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар төлеуді қамтиды.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және шығыс

материалдарын сатып алу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін дәрілік формулярларға сәйкес айқындалады.

Пациенттер үшін тамақ өнімдерін сатып алу «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы № 128 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМШ - қосымша медициналық шығыстар, ол коммуналдық және өзге де шығыстарды қамтиды: лизингтік төлемдерден басқа, жылу, электр энергиясы, ыстық және суық су, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға, банк қызметтеріне, байланыс қызметтеріне ақы төлеу, кеңсе тауарларын сатып алу, іссапар шығыстары, ағымдағы жөндеу, стационарды орналастыру үшін үй-жайды жалға алу, шаруашылық тауарларды, жұмсақ мүкәммалды және басқа да тауарлар мен қызметтерді сатып алу;

ЛТ – лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қаржылық лизинг шартымен медициналық техниканы сатып алуға арналған шығыстар.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3

қ а з а н д а ғ ы

№

1 1 3 1

қ а у л ы с ы н а

4-қосымша

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

ұ й ы м д а р ы н ы ң

ш ы ғ ы н д а р ы н

б ю д ж е т

қ а р а ж а т ы

е с е б і н е н

ө т е у

е р е ж е с і н е

7-қосымша

### **Күндізгі стационар тарифін айқындау формуласы**

$T_{к.ст.} = НМШ + ҚМШ + ЛТ$ , мұнда

$T_{к.ст.}$  - күндізгі стационардың тарифі;

НМШ - негізгі медициналық шығыстар, ол денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек ақысын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қосымша ақшалай төлемдерді; Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік аударымдарды, дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен шығыс материалдарын сатып алуды, пациенттер үшін тамақ өнімдерін сатып алуды қамтиды.

Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің жалақысы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың

қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына сәйкес айқындалады.

Қосымша ақшалай төлемдер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес азаматтық қызметшілердің жыл сайынғы еңбек демалысына лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеуді қамтиды.

Әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар төлеуді қамтиды.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және шығыс материалдарын сатып алу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін дәрілік формулярларға сәйкес айқындалады.

ҚМШ - қосымша медициналық шығыстар, олар коммуналдық және басқа шығыстарды: лизингтік төлемдерден басқа, жылу, электр энергиясы, ыстық және суық су, медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға арналған шығындарды, банк қызметтеріне, байланыс қызметтеріне ақы төлеуді, кеңсе тауарларын сатып алуды, іссапар шығыстарын, ағымдағы жөндеуді, стационарды орналастыру үшін үй-жайларды жалға алуды, шаруашылық тауарларын, жұмсақ мүкәммалды және басқа да қызметтерді сатып алуды қамтиды ;

ЛТ – лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдары үшін қаржылық лизинг шартымен медициналық техниканы сатып алуға арналған шығыстар.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 1 3 1 қ а у л ы с ы н а

5-қосымша

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

ұ й ы м д а р ы н ы ң ш ы ғ ы н д а р ы н

б ю д ж е т қ а р а ж а т ы е с е б і н е н

ө т е у е р е ж е с і н е

8-қосымша

**Лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдары үшін лизингтік төлемдердің шығыстарын өтеуге арналған қаржыландыру көлемін айқындау формуласы**

ЛТ шығыстары =  $K_{\text{нақт.}}$  х ЛТ/К<sub>жоспар.</sub> мұнда:

ЛТ – лизинг бойынша пилоттық денсаулық сақтау ұйымдарына қаржылық



лизинг шартымен медициналық техниканы сатып алуға арналған лизингтік төлемдер шығыстары;

$K_{\text{нақт.}}$  – қаржылық лизинг шарттарымен сатып алынған медициналық техникамен нақты көрсетілген медициналық қызметтердің көлемі;

$K_{\text{жоспар.}}$  – мынадай формулаға сәйкес есептелетін қаржылық лизинг шартымен сатып алынған медициналық техникамен көрсету жоспарланған медициналық қызметтердің көлемі:

$$K_{\text{жоспар.}} = K_{\text{жыл}} \times K_{\text{күн}}, \text{ мұнда:}$$

$K_{\text{жыл}}$  – Қазақстан Республикасының ағымдағы жылға арналған Өндірістік күнтізбесі бойынша бір жыл ішіндегі жұмыс күндерінің саны;

$K_{\text{күн}}$  – бір жұмыс күнінде көрсетілген, мынадай формула бойынша есептелетін қызметтердің саны:

$$K_{\text{күн}} = U_{\text{жұм.}} / (N_{\text{орт}} \times N), \text{ мұнда:}$$

$U_{\text{жұм.}}$  – минуттармен жұмыс уақыты;

$N_{\text{орт}}$  – медициналық техниканың көмегімен бір қызметті орындау уақытының денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген орташа нормативі;

$N$  – медициналық техника жұмысының бір циклының ішінде алынған нәтижелердің саны.

Бұл ретте реанимациялық жабдықпен және хирургиялық араласу үшін қолданылатын жабдықпен көрсетілетін медициналық қызметтердің саны 1-ге тең.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 1 3 1 қ а у л ы с ы н а

б-қосымша

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

ұ й ы м д а р ы н ы ң ш ы ғ ы н д а р ы н

б ю д ж е т қ а р а ж а т ы е с е б і н е н

ө т е у е р е ж е с і н е

9-қосымша

**КШТ бойынша пилоттық ұйымдар үшін стационарлық көмек көрсету кезінде КШТ бойынша емделіп шығу жағдайының құнын айқындау формуласы**

Стационарлық көмек көрсету кезінде ҚШТ бойынша емделіп шығу жағдайының құны мына формула бойынша айқындалады:

$$Қ = ШК * Қ_{БС} * К_{түзет.}, \quad \text{мұнда:}$$

Қ – ҚШТ бойынша емделіп шығу жағдайының құны;

ШК – ҚШТ бойынша шығын сыйымдылығы коэффициенті;

Қ<sub>БС</sub> – стационарлық көмекті қаржыландыру үшін базалық ставканың құны;

К<sub>түзет.</sub> – стационар деңгейі коэффициентінің, экологиялық коэффициенттің, өңірлік коэффициенттің, ауылдық аумақ коэффициентінің көбейтіндісінен құралуы мүмкін түзетуші коэффициент.

\* - стационарлық көмекті қаржыландырудың базалық ставкасының құны мына формула бойынша анықталады:

$$Қ_{БС} = Оқараж / (Ж_{к} * ШК_{орт.}), \quad \text{мұнда:}$$

Оқараж – стационарлық көмек нысанында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі шығындарды өтеуге көзделген республикалық бюджет қаражаты;

Ж<sub>к</sub> – бір жылдағы емделіп шығу жағдайының жоспарланған көлемі;

ШК<sub>орт.</sub> – жоспарланған жағдайлардың шығын сыйымдылығының орташа коэффициенті.